

### Ержан АУЕЛБЕКОВ

педагогика ғылымдарының кандидаты, Бейнелеу өнері кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан (erzhan.aelbekov@ayu.edu.kz)  
<https://orcid.org/0000-0003-1536-3317>

## ҚАЗАҚ СӘНДІК ҚОЛӨНЕРІНДЕГІ ТҮРКІЛІК ЭТНОМӘДЕНИЕТ БЕЙНЕЛЕРІ\*

### Аңдатпа

Мақалада еліміздегі «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» сияқты бағдарламалар негізінде жүзеге асырылып жатқан көркемдік білім беру жүйесіндегі ұлттық сәндік қолөнердің мәні мен мазмұндық ерекшеліктері қарастырылады. Қазақ сәндік қолөнеріндегі сан ғасырлық түркілік мәдениеттің көріністері жан-жақты қаралып, оның түркілік этномәдениет теорияларындағы сипаты тарихи, рухани, өнертанымдық тұрғыдан талданады. Түркілік этномәдениет белгілерін сипаттайтын кейбір қолөнер бұйымдарының, әсіресе сәукеле, тақия сияқты бас киімдерді жасаудың, ондағы ою-өрнектерді қолданудың стильдік, символдық, бейнелік ерекшеліктері түркілік таным негізінде талданып қарастырылады. Түркілік этномәдениеттегі қазақ және басқа да түркі халықтарының ұлттық қолөнерінің ұқсастығы көрсетіліп, халықтық қолөнердің дүниетанымдық көзқарастарымен, наным-сенімдерімен, тыныс-тіршілігімен, шаруашылығымен тығыз байланыста дамып отыратындығына дәлелдемелер келтіріледі. Түркі халықтарының қолөнеріндегі ұлттық ою-өрнектер, символдық таңбалар, мотивтер салыстырылып, мәндік-мазмұндық ерекшеліктері түркілік этномәдениет белгілері ретінде сипатталып беріледі. Ұлы Дала жерінде көшпенділік дәстүрлердің тікелей мұрагері ретінде қазақ қолөнерінің түркілік этномәдениеттегі ерекше орны анықталып, оларға тарихи-этнографиялық, өнертанымдық ғылыми түсіндірмелер жасалады.

**Кілт сөздер:** ұлттық қолөнер, түркілік этномәдениет, ою-өрнектер, рух, символ, көркем бейнелер, мәдени құндылықтар, түркілік этномәдениет белгілері.

---

\* Келген күні: 1 қараша 2022 ж. – Қабылданған күні: 28 қараша 2022 ж.  
Date of Arrival: 1 November 2022 – Date of Acceptance: 28 November 2022  
Geliş Tarihi: 1 Kasım 2022 – Kabul Tarihi: 28 Kasım 2022  
Поступило в редакцию: 1 ноябрь 2022 г. – Принято в номер: 28 ноябрь 2022 г.

**Erzhan AUELBEKOV**

Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of Fine Arts,  
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan  
(erzhan.aelbekov@ayu.edu.kz) <https://orcid.org/0000-0003-1536-3317>

**IMAGES OF TURKISH ETHNOCULTURE IN KAZAKH  
DECORATIVE ART**

**Abstract**

The article examines the essence and content of folk decorative crafts in the system of art education, which is implemented in the country on the basis of such programs as “Cultural Heritage”, “Spiritual Revival”, “Seven Facets of the Great Steppe”. The manifestations of centuries-old Turkic culture in Kazakh decorative crafts are considered in detail, its character in the theories of Turkic ethnoculture is analyzed from historical, spiritual, artistic points of view. On the basis of the Turkic knowledge, the stylistic, symbolic and figurative features of some handicrafts, especially headdresses, such as saukele, takiya, and the use of ornaments in them, characterizing the features of the Turkic ethnoculture, are analyzed. The similarities of folk crafts of the Kazakh and other Turkic peoples in the Turkic ethnoculture are shown, as well as evidence that the development of folk crafts is in close connection with the worldview, beliefs, way of life, economy of the peoples. National ornaments, symbolic images, motifs in the crafts of the Turkic peoples are compared, their semantic features are described as signs of the Turkic ethnoculture. The special place of Kazakh crafts in the Turkic ethnoculture as a direct successor of nomadic traditions on the land of the Great Steppe is determined, historical, ethnographic and artistic scientific explanations are given to them.

**Keywords:** folk crafts, turkic ethnoculture, ornaments, spirit, symbol, artistic images, cultural values, signs of Turkic ethnoculture.

**Кіріспе**

Қазіргі әлемдік қауымдастық заманында әрбір халықтың мәдениеті мен өнерінің дамуы терең тамырлардан бастау алатын кең мағыналы тарихын, ауқымды да, ғасырлар тоғысынан таралған мәдениетін, өзіндік қайталанбас тілі мен ділін, санқырлы да, шежірелі өнерін, бүкіл танымдық философиясын оқып-білумен, сапалы зерттеумен, соларды өз өмірі мен тәжірибесінде ұтымды әрі ұдайы қолдана білуімен ұштастыруға байланысты болатындығы ақиқат. Қазіргі таңдағы біздің еліміздің ахуалын арттырудың негізгі міндеттеріне тарихи, халықтық, ұлттық мәдени мұраларымыз бен игіліктерімізді, өнерімізді сақтау және оларды дамытуды жүзеге асыру жатады. Қазақстан Республикасындағы «Мәдени мұра» [1], «Рухани жаңғыру» [2] бағдарламаларында халықтық өнер мен мәдениет құндылықтарына жете назар сала отырып, өскелең ұрпақтың рухани дамуын қамтамасыз ету, әлемдік сахнадағы халқымыздың ғасырлар бойы сақталып келген мәдениеті мен өнерін дамыту сияқты күрделі міндеттер алға тартылды. «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарламасында

Ұлы Дала жерін мекендеген, әлем өркениетінің дамуына зор үлес қосқан түркі дүниесінің мәдениеті мен өнерін рухани жаңғырту жолдары белгіленіп, оның маңыздылығы айқындалып берілді [3, 2-б].

Адамзаттың данышпаны, түркі дүниесінің асыл қазынасын дәріптеуші ғұлама ғалымымыз Әбу Насыр Әл-Фараби өзінің әйгілі трактаттарында адам бойындағы бақытқа жеткізетін он екі қасиетті дамытып тәрбиелеуі қажет екендігін көрсете келе, өнер-білімге құмар, ақыл-ойын ұштап отыратын көреген, алыстан ойлайтын, әрбір істің шешімін таба білетін адам болуы шарт деп көрсеткен [4, 147-б]. Сол сияқты, Жүсіп Баласағұн өзінің атақты «Құтты білік» еңбегінде түркі халықтарының ғылымының, өнері мен тілінің тынысын анықтап, рухани өмірінің қыр-сырын сипаттады. Бұл шығармасында түркі халықтарына ерекше тиесілі жақсы тілек, жақсы сөз, жақсы іс сияқты рухани мәдениет тізбегін көрсетеді. Түркі халықтарының рухани асыл қазынасын көріп өскен данышпан Ж.Баласағұн түркілік этномәдениет құндылықтары ретінде мыналарды анықтап берді:

- ақыл, ақылдылыққа тәрбиелеу (оны ашулану, өшігу күңгірттендіреді);
- достық, достыққа баулу (оны күншілдік бұзады);
- ар-ұят (оны ашкөздік пен тойымсыздық жеңеді);
- жақсы орта және отбасы тәрбиесі (оған нашар орта кері әсер етуі мүмкін);
- бақыт (оны қызғаншақтық бүлдіреді);
- қарым-қатынас әдебі (оған бар нәрсе әсер етеді);
- тіл әдептігі, қасиет сипаты.

Ж. Баласағұн өнер-білімнің адами қасиеттерді қалыптастырудағы маңыздылығы туралы:

...Адамды хақ жаратты да ескерді:

Оған ақыл, білім, өнер, ес берді.

Көңіл берді әрі тілін тербетті,

Ұят берді, берді құлық, келбетті.

Оларсыз еш іс бітпейді емес пе? – деп айта келе, түркі халықтарының адамгершілік тәртібіне, рухани мәдениетіне баса көңіл аудара отырып, түркілік этномәдениет сипатын көрсетті [5, 309-б].

Махмұт Қашқари түркілерді көрікті, өндері келіскен, жүздері мейірімді, әдепті, үлкендерін құрметтей білетін кішіпейіл, уәделеріне берік, мақтану мен тәкаппарлықты білмейтін, қаһарман да, қайсар, батыр ел болғандығын және тарихын жатқа білетін, өнері мен өнегесі бірге жүретін, ата-бабалар өсиеті мен мәдени мұраға аманат ретінде қарайтын халық ретінде көрсетеді [6, 35-б].

Қожа Ахмет Ясауи өз хикметтерінде имандылық пен рухани кемелденуді, ізгілік идеяларын насихаттауды тығырықтан шығудың нағыз жолы деп, түркі халықтарының өз тілінде ақыл айтып, уағыз жасап, түркілік этномәдениеттің зор үлгісін көрсетті. Ясауи мұралары ар тазалығы мен жан тазалығына зер салуға бағытталып, халқымыздың «малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы» деген философиялық көзқарасын насихаттауға арналып, бүкіл түркі халықтарының этномәдени құндылығына айналып отыр [7, 178-б].

#### **Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері**

Еліміздегі мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыру барысында жас ұрпақты халқымыздың этномәдениетін дамытуға тәрбиелеу, ұлттық өнерімізді дәріптеу сияқты күрделі әрі көпсалалы жұмыстар жүзеге асырылуда. Ал «Мәдени мұра» бағдарламасы жастарды рухани мәдениетке тәрбиелеуді, халықтық көркемөнердің тарихын, өнертаным мен ұлттық сәндік қолөнер негіздерін білу жұмыстарын жандандыруға және оларды әлемдік деңгейге көтеруге бағытталған түркілік этномәдениеттен, қазақтың терең өнер тарихынан нәр алғызатын кең ауқымды этномәдени шараларды қамтуда. Соған сәйкес, мақалада қазіргі әлемдік, халықаралық мәдени интеграция кезеңінде қоғамымызда өскелең ұрпақтың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруда халқымыздың мәдениеті мен өнерін, тарихын танып-біле отырып, түркілік этномәдени міндеттерді шешудің маңыздылығын ашу көзделеді.

Түркілік этномәдениетте өзіндік мол тарихы мен салаларын қамтитын қазақ халқының сәндік қолөнері ерте ғасырлардан өшпес мәдени мұра болып қалыптасқан, өзіндік сипаты мен даму ерекшеліктеріне бай, төрткүл дүниеге танымал көне өнер түрі ретінде саналып өте құнды бағаланады. Өйткені Ұлы Дала дүниетанымын, кеңдік пен адалдықтың, көшпенділік көзқарастың бейнелерін, ойлары мен фантазиясын бірге тоғыстыратын халқымыздың бұл өнер түрі көнетүркілік этномәдениетімен тарихи астасып, көркемдік өмір сүру салт-дәстүрі ретінде жасап, дамып, осы күнге дейін ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, дәстүрлі көркемөнердің төл саласы болып қазірге дейін жетіп отырғандығы айқындалады.

#### **Ғылыми-зерттеу әдіснамасы**

Зерттеу барысында алға қойылған міндеттерді орындау барысында: тақырыптың тарихи, этномәдени негіздерін анықтау және нақтылау әдістері, түркілік этномәдени зерттеулерді сараптау және салыстыру, ғылыми негіздеу әдістері қолданылды.

### Нәтижелер мен талқылаулар

Түркілік этномәдениеттің ауқымды саласы ретіндегі қазақ халық қолөнерінің пайда болуы, дамуы, ерекшеліктері, технологиялары мен эргономикасы, маңыздылығы мен орны туралы зерттеулер Ә.Марғұлан, С.Қасиманов, Х.Арғынбаев, Т.Бәсенов, А.Тәжімұратов, А.Ақышев, Ө.Жәнібеков, Қ.Байпақов, М.С.Мұқанов, Қ.Әмірғазин, Қ.Ералин, Ж.Балкенов, Е.С.Асылханов, М.Ш.Әмірбекова, К.Құдабаева, Ұ.Әбдіғапбарова, Д.Шоқпарұлы, С.Төленбаев т.б. еңбектерінде қарастырылған. Шетелдік ғалымдардың ішінде С.М.Дудин, Е.Р.Шнейдер, Л.Гумилев, М.П.Грязнов, А.Н.Бернштам, Г.В.Григорьев, С.И.Руденко, Б.Н.Денике т.б. еңбектерінде жан-жақты зерттеліп жазылған.

Түркілік этномәдениетіндегі өнертанушы ғалым Ө.Жәнібеков қазақ қолөнерінің мәдени құндылықтарын айқындау мәселелерін кеңінен қарастырды, әсіресе ұлттық ою-өрнектердің шығу тарихына түркілік дүниетаным тұрғысынан құнды әрі дәлелдемелі негіздемелер жасады. Мәселен, шеңбер бейнесін түркілік дүниетаным түсінігіндегі әлемдік кеңістікке баламалап, төрт құлақ оюын төрт құбылаға теңеді, ал, шимай өрнегінің бейнесін күн мен түннің алмасып отыруымен сипатталатын өмір мен тіршілікті, яғни тынымсыз қозғалысты білдіретіндігін анықтады. Көне түркілік дүниетанымдағы қазақ ұлттық ою-өрнектерінің өзіндік бейнелерінен олардың терең мағыналы әрі этномәдени құндылық көздері екендігін байқаймыз [8, 54-6].

Түркі халықтарының ішіндегі қазақ қолөнерін зерттеуші ғалым Қ.Әмірғазин қазақ қолөнері мен ою-өрнектерінің түрлері мен тектерін зерттеуге атсалысып, құнды еңбектер жазып, ұлттық қолөнер бұйымдарын жасаудың мәніне, тарихи образдық стильдеріне, олардағы сәндік элементтерді ұлттық дүниетаным негізінде қолдану ерекшеліктеріне ерекше пікірлер білдіреді [9, 82-6].

Ата-бабаларымыздың күнделікті тұрмыстық және сәндік қолөнер бұйымдарында бейнеленген ою-өрнектері өзі қоршаған табиғаттың әртүрлі бөліктерін елестетіп, ай мен күн, жұлдыздар, жер-су, өсімдіктер, төрт түлік малға байланысты зооморфтық, космогониялық, өсімдік тектес, геометриялық т.б. өрнектерді туындатқан. Соған сәйкес, айшық, жұлдызша, күн, бес жапырақ, тарак, су, мүйіз, төртқұлақ, жауқазын т.б. мындаған ою-өрнектер түркілік этномәдениет бейнелерін құрайтындығын да айтуға болады. Түркілік этномәдениет саласы ретіндегі қазақ ұлттық ою-өрнектерінің бейнелері мен көріністері, мәні мен мазмұны Ә.Марғұлан, Ө.Жәнібеков, Ж.Балкенов т.б. көптеген ғалымдардың еңбектерінде көп қарастырылған және олардың зерттеу барысындағы суреттерінде анық байқалады (сурет-1).




Сурет-1. Түркілік этномәдениет саласы ретіндегі қазақ ұлттық ою-өрнектерінің бейнелік көріністері

Түркілік этномәдениетінде халықтық қолөнер рухани әрі мәдени мұра ретінде қабылданады және ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын ұлттық тәрбие көзіне, терең тарихтан сыр шертетін көркемөнер саласына балады. Түркі халықтарымен қатар, қазақ халқының қолөнері тарихы мен даму ерекшеліктері де ерте заманнан бері жасап келе жатқан санқырлы түркілік мәдениетімен етене байланыста қарастырылуы да заңдылық болып танылады. Әртүрлі жанрдағы, стильдегі қолөнер бұйымдарын жасаудағы кездесетін этномәдени бейнелер сақ, ғұн, үйсін, қыпшақ т.б. ерте түркілік халықтардың мәдениеті мен тарихынан, тыныс-тіршілігінен, дүниетанымынан, өнерінен сыр шертетіндігі дәлелденген.

Түркілік этномәдениет мазмұнын құраушылардың ішінде қазақтың халықтық қолөнерін зерттеуде өнертанушы ғалым С.М. Дудиннің еңбегі зор. Ол алғашқылардың бірі болып қазақ өрнектерінің көптеген үлгілері мен нұсқаларын қағаз бетіне түсіріп, оның дамуына елеулі үлес қосты. Ғалым алаша, текемет, басқұр сияқты жүннен жасалған қолөнер бұйымдарымен қатар, кебеже, есік, сандық, асадал, киіз үй сүйектері сияқты ағаштан жасалған қолөнер бұйымдары мен олардағы әртүрлі өрнектердің түрлері мен мән-мазмұны туралы зерттеулер жүргізіп, ауқымды ғылыми талдаулар жасады. С.М.Дудин орыс шығыстанушы ғалымы және суретшісі ретінде 1893 жылдан бастап жиырма жылдан астам Қазақстан және Орталық Азия бойынша ондаған экспедициялардың құрамында болып, қазақ халқының

көптеген этнографиялық материалдары мен этномәдениет үлгілерін жинады.

Ол қазақ халқының ою-өрнегі Орталық Азия жүйелерінің бір бөлігі болып табылатындығын жазып, онымен көп ұқсастықтар бар деп есептеді, сонымен бірге ол ең көне мотивтердің көпшілігін іс жүзінде өзгеріссіз қалдырды. С.М.Дудин түркілік мәдениет құндылықтары болып табылатын қазақ ою-өрнегінің негізгі төрт белгісін, яғни, бірдей фон мен үлгісін, мотивтердің эквиваленттілігі мен дипластика құбылысын, шектеулі түсті гаммасын, үстіңгі және астыңғы жақ бөліктерінің болуын анықтады. Зерттеуші фон мен үлгінің теңдігі идеясында, ең алдымен, материалды үнемдеу ниетінен туындайтын практикалық мағынаны көрсетіп өткен. Валерия Прищепова еңбектерінде С.М. Дудиннің түркі халықтарының этномәдениет тұрғысындағы зерттеулерінің маңыздылығы қазақ ою-өрнегінің көне түркілік мотивтерінде ашыла түседі [10, 12-б] (сурет-2,3,4).



Сурет-2. Сырмақтағы қазақ ою-өрнегінің мотивтері (С.М.Дудин салған суретінен)



Сурет-3. Қазақ ою-өрнегінің көне түркілік мотивтері (С.М.Дудин салған суретінен)



Сурет-4. Кебеже ою-өрнегінің көне түркілік мотивтері  
(С.М.Дудин салған суретінен фото)

Сол сияқты, халықтық қолөнеріміздің түркілік тарихи мәні мен сипатын беруде Ә. Марғұлан, С. Қасиманов, М.С. Мұқанов, Ж. Балкенов, Қ.Е.Ералин еңбектеріндегі тұжырымдарды айтуға болады. Мәселен, профессор Ж. Балкенов түркілік этномәдениеттегі қазақ ұлттық ою-өрнектерін қазақ халқының мәдени жетістіктерінің негізгі бөлігі және заңды жалғасы ретінде бағаласа, профессор М.С. Мұқанов қазақ ою-өрнектерін әртүрлі стильдердің синтезі әрі стильдік қалыпқа түскен элементтердің бейнелерінен тұратын алуан түрлі әшекейлерге жатқызды. Ал, профессор Қ.Е. Ералин түркілік этномәдениетте өзіндік орны бар қазақ ою-өрнектерін көркем бұйымдарды әшекейлеудің ең басты көркемдік элементі деп тұжырымдады [11, 32-б].

Түркі халықтарында өмірді игілендіруші этномәдениетінде ертеден қалыптасқан салт-дәстүрлер өте мол болған. Олар табиғатпен етене байланыста, қарым-қатынаста, халықтың ауызша шығармашылығында, таңғажайып халықтық өнерінде, киім әдемілігінде, қонақжайлық қағидаларында, жақсы мінездің ізгі әдеттері мен әдептілік ережелеріне бөлініп отырған. Оған:

«Сөз, өсиет – мұра өліден тіріге,

Мирас тұтса, пайда өзіңе, тіліңе», – деген нақыл сөздер дәлел бола алады.

Сол сияқты, халқымыздың:

«Ұлыңды үйрет күллі өнер, білімге,



Ол өнермен дүние табар түбінде», – деген өсиеттері бүкіл түркілік халықтардың этномәдениет мазмұнында әрдайым кездесіп отырады.

Түркілік этномәдениетінің көрнекті өкілі, дала ойшылы Махмұд Қашқаридің рухани мәдениетке зор үлес қосқан еңбектерінде: «Өнер, білім ізгі, үйренуден өркөкірек болма, жиренбе», «Өнер-білімсіз, сынақта қиналар» деп жастардың ой-санасын өнер-білімге бағыттап, халықтық өнердің маңыздылығын паш етті. Ғұлама түркілік этномәдениеттегі қоғамдық өмірдің негізгі бағытын, яғни адамның рухани-адамгершілік негізін көрсетіп берді. Халықтық тәлім-тәрбиенің, мәдениеттің өзегіне түріктердің адам мен әлем, тұлға мен дүниетаным, жан мен тән, рух пен жүректі жатқызады [12, 124-б].

Қ. Болатбаев еңбектерінде өнертанушы ғалым В. Чепелевтің қазақ халқы ою-өрнек әлемінде өмір сүретін сияқты деген тұжырымына сәйкес, ұлттық қолөнерімізде кездесетін ою-өрнектер халықтың тарихын, шежіресі мен мінезін, ерлігін, тұрмыс-салтын, дәстүрін айқындайтын бейнелер болып табылатындығы айқындалған. Яғни, түркі халықтарының ұлттық қолөнер туындыларындағы санқырлы оюлар мен өрнектер элементтерін тарихы мен дүниетанымдық сипатын анықтайтын түркілік этномәдениет бейнелеріне жатқызуға болады [13, 86-б].


Түркілік этномәдениетте қолөнер халықтың белгілі-бір тарихи кезеңіндегі таным-түсінігінен, өмір салтынан, әдемілік пен сұлулық туралы түйсік-талғамдарынан сыр шертеді. Түркілік этномәдениет болмысын танып-білуде түркі халықтарының санғасырлық қолөнеріне байланысты ұғымдар мен терминдерді жинап, символикалық мәнін аша отырып, этимологиясына зерттеулер жүргізудің маңызы зор. Себебі ұлттық қолөнеріміздің алуан түрлерінің әшекейленіп безендірілуі тікелей осы ою-өрнектермен өлшеніп бағаланады. Яғни, түркілік этномәдениетте ұлттық қолөнерде кездесетін ою-өрнектеріміздің белгілі бір түркі халқына тән негізгі стильдік, мазмұндық ерекшеліктері сол халықтың ұлттық таңбаларымен, бейнелерімен, дүниетанымдық, композициялық шешімдерімен сабақтасып, тоғысып жатады. Мәселен, қазақтың «Қошқар мүйіз» өрнегі түркілік этномәдениеттегі дүниетанымда қорғаныс, мал басының молаюын, дәулетті білдірсе, өсімдік, көкөніс өрнектері ұрпақтың көп болуын тұспалдап анықтап тұрады. Түркі халықтарының қолөнерінде, ою-өрнек мазмұнында осындай мысалдар мен дәлелдер өте көптеп кездеседі.

Педагог-суретшілер Қ. Болатбаев, Ж. Балкенов еңбектерінде барлық түркі халықтарының сәндік қолөнерінде бас киімдер көрнекілік

пен байсалдылықты, сәнділікті білдіретін қасиетті киім ретінде саналады. Қазақ сәндік қолөнерінде дайындалатын бас киімдердің ішінде ең әшекейлісі, құрылымы жағынан күрделісі сәукеле болып табылады. Сәукеле алтын, күміс, інжу, ақық, гауһар тастарымен әшекейленіп жасалады. Күмбезделіп, өте көрікті жасалатын сәукеле бас киімі мұралық киім ретінде саналып, шеберлерге 30 түйе, 500 бас бие беріп арнайы жасатып отырған. Түркілік этномәдениетте құтты келін бүкіл ұрпақтың өсіп-өркендеуіне ықпал жасаған, бұл өз кезегінде бүкіл рудың, халық пен елдің өркендеуіне себепші болған. Көптен күткен құтты келіннің келуін аңсаған жұрт күмбезделген сәукелені көріп, «Қалыңдық сау келеді, сау келеді» деген ырыммен «Сәукеле» деп атаған [14, 38-б]. Қазақ суретшісі А. Дүзелхановтың кескіндемелік шығармаларында (сурет-5) және 1878 жылы салынған «Қазақтың сәукеле киген қалыңдығы» атты Париж Ұлттық кітапханасындағы суреттерден ұлттық нақыштағы сәукеле бас киімінің өрнектік бейнелерінде оның этномәдени маңыздылығы айқын байқалады (сурет-6).



Сурет-5. А. Дүзелханов. Сәукеле киген қыз.



Сурет-6. Қазақтың сәукеле киген қалыңдығы. 1878.  
(Париж Ұлттық кітапханасындағы сурет).

Түркі халықтарының ішінде қазақ халқы төрт түліктің ішінде түйе жануарының қасиеттілігін жоғары бағалап, сәндік қолөнер бұйымдарын жасауда оның қасиетті бейнелерін стильдеп жиі қолданған. Түйе табан, Түйемойын, Ботакөз оюлары осының анық белгілері деп білеміз [15, 118-б].

Түркілік этномәдениетте ою-өрнектермен бірге жылқы пірін, күн, ай, жұлдыз, қыран құс т.б. стильдік бейнелерінің жиі көрініс беруі Қазақстан, Түркия, Қырғызстан, Әзербайжан, Өзбекстан, Түркіменстан т.б. елдердің мемлекеттік рәміздерінде де айқын байқалуы айшықты дәлел болып табылады. Бұның барлығы ұлан ғайыр Еуразия мекенінде түркі тектес Тұран халқының өркениетке қадам басқанына 3000 жыл болғанын, түркілік этномәдениеттің интеграциялық байланыста өмір сүріп келе жатқандығының тарихи айғағы деп есептейміз (сурет-7).



Сурет-7. Түркі тілдес елдердің мемлекеттік туларындағы ұлттық тарихи-символдық бейнелер

Белгілі ғалым М. Аджидің «История тюрков» атты еңбегінде түркі халықтары балаға жастайынан қоршаған орта құбылыстары арқылы білім беруге ұмтылғандығы көрсетіледі. Сөйтіп, ежелгі түркі халықтарының өзіне тән халықты білімдендіру жүйесі болғандығын, бұл жүйе бойынша баланы бесіктен бастап, отбасында жан-жақты тәрбиелеуге көңіл бөлінгендігін жазған. Мысалы, ертедегі Алтайлықтарда халықтың дәулетті болуы рулық, тайпалық өмірдің тірегі болып табылатын Рухтың қолында деп есептелгендігін жазады. Дүниенің барлығы мәңгілік көк аспанмен көмкерілген Көк Тәңірге бағынғандығын көптеген дәлелдемелермен тұжырымдайды. Бұлардың көпшілігі Алтайдағы археологиялық қазбалардан табылған ерте замандағы сәндік қолөнердің бірегей түрлері ат әбзелдері, қару-жарақ, киімдер үлгілерін зерттей отырып жасаған ғылыми қорытындылары болды. Түркілердей атты ерттеуді, үзеңгімен ат үстінде әлемді тануды ешкім жасай алмағандығын тағы да көрсетіп жазды [16, 208-б]. Тарихи-батальдық жанрда жазылған А. Дүзелханов картиналарынан да осындай идеядағы шығармашылық бейнелерді байқауымызға болады (сурет-8).



Сурет-8. А.Дүзелханов. Томирис.

Қазақстанның ежелгі археологиялық ескерткіштерінен өткен ою-өрнек өнерінің барлық байлығы мен алуан түрлілігімен геометриялық, зооморфтық, космогониялық және өсімдік оюларының өзіндік мән-мағына жағынан алуан түрлі мотивтері дамыды. Шығу тегіне қарай қазақ ою-өрнектері екі топқа бөлінеді: біріншісіне өз ұлттық негіздегі нағыз қазақтың ою-өрнегі болып табылатын ою-өрнектер жатады. Екіншісіне қазақтардың басқа халықтардан кіріккен ою-өрнектері, т.б. халықаралық әшекейлер, әсіресе түркілік халықтардан етене байланыс арқасында келген ою-өрнектер көптеп саналады.

Қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің түрлері мен атаулары өте көп, қазіргі таңда 1000-нан астам ою-өрнектердің атаулары белгілі. Осы ою-өрнектерді мазмұнына қарай негізгі топтарға бөліп қарастырады:

1. Ең көне түрі ретінде космогониялық ою-өрнектер, яғни күн, ай, жұлдыздар бейнесімен байланысты ою-өрнектер. Олар әлемдік кеңістік пен ғарыштық мәңгілік қозғалысты бейнелеумен ерекшеленеді. Оған «ай», «айшық», «жұлдызша», «күн нұры», «күн сәулесі» т.с.с. ою-өрнектің түрлері кіреді.

2. Жануарлардың аттары, олардың дене мүшелеріне т.б. байланысты туындаған зооморфтық ою-өрнектер. Ою-өрнектің бұл түрі «қошқар мүйіз», «өркеш», «түйе табан», «аша тұяқ», «ит құйрық», «түйе мойын», «арқар мүйіз», «бұғы мүйіз» т.с.с. түрлерін қамтиды.

3. Ұсақ аңдар, жәндіктердің бейнелеріне, атауларына байланысты ою-өрнектер тобына «жыланбас», «жылан», «жыланбауыр», «құмырсқа», «шыбын қанат», «көбелек» т.с.с. жатады.

4. Құстардың аты мен бейнелеріне байланысты ою-өрнектер қатарына «құстұмсық», «қазтабан», «қазмойын», «құсқанат», «құсмойын» т.б. кіргізіледі.

5. Гүлдік немесе өсімдік тектес ою-өрнектерге «қызғалдақ», «райхангүл», «арпабас», «алтыжапырақ», «сегізжапырақ», «гүл», «жетігүл» т.б. атаулары бар жапырақ, бүршік, гүлдік оюлары жатады. Олар жердегі тіршіліктің бірлігі мен бірізділігін ашатын ұғымдарды танытады.

6. Еңбек және тұрмыстық құралдарға байланысты ою-өрнекке «балта» «төрт таспа», «түйме», «ожау», «ирек», «тарақ», «қайнар» т.с.с. жатқызылады.

7. Шаршы, ромб, тіктөртбұрыш, ирек, шеңбер, үшбұрыш, көп қырлы т.с.с. геометриялық фигуралардың бейнесімен байланысты шыққан ою-өрнектер [14, 124-б].

Түркілік этномәдениетке тән осындай саналуан түрлі ою-өрнектердің шығуы мен пайда болуы, дамуы терең мағыналы бейнелерді сәндік қолөнерде қиюластыра отырып асқан талғампаздықпен қолдануға жеткізді. Ең көне космогониялық ою-өрнектермен әшекейленген қолөнер бұйымдары бойтұмар қызметін де атқарған. Сол сияқты, шеңбер күн мен аспанды, шұғыла күн сәулесін, айшық гүл жарты айды, айгүл ай гүлін білдіріп, өрнектердің ең көне үлгілері мен әсем бейнелері ретінде әлемге танымал болды. Көне түркілік бейнелер кейбір ою-өрнектердің мағынасына да енгендігі белгілі. Мысалы, қошқар мүйіз көшпелі түркілердің дәулетін, материалдық әл-ауқатын білдірген. Ал егер адам біреуге бақыт пен

еркіндік тілесе, онда құсмұрын, құсқанат өрнек бейнелері бар бұйым, кәдесый сыйлаған.

Түркі халықтарының ішінде татар халқының ежелгі және күрделі этномәдениетіндегі көркем бейнелер көркемөнер, қолөнер шығармашылығында айқын көріністер береді. Өзінің тұрмыс-тіршілігімен, дүниетанымымен жақын жерде қоныстанған, оқшауланған халықтардың қолөнерінен өзіндік ұлттық ерекше белгілеріме сипатталады. Сондықтан, мысалы, киім-кешектерді, тұрмыстық заттарды, үйлерді безендіру үшін қолданылатын татар ою-өрнектері ерекше мәнге ие.

Адамдардың өмір салты әртүрлі бұйымдарды безендіру үшін қолданылатын өрнектерге айтарлықтай әсер еткендігін геометриялық, зооморфтық, гүлді болып үш түрлі топтарға бөлінген татар оюлары мен өрнектерінен байқауға болады. Ою-өрнектерді ұлттық шеберлер ежелден қолданбалы өнердің көптеген салаларында: сәулет, кесте, кескіндеме, ағаш ою өнерінде қолданған. Өсімдік негіздегі татар ою-өрнегі ең көп таралған өрнектер қатарына жатқызылады. Әр халықтың өзіне ғана тән нышандары болатыны сияқты, түркі тектес татар халқының этномәдениетінде көптеген шеберлер негізгі мотив қызғалдақ болып табылатын татар оюын кеңінен пайдаланады. Татар этномәдениетінде көктемнің алғашқы гүліне саналатын қызғалдақ өрнегі мен қазақтың Гүл өрнектері астасуынан туындайтын өрнектер түркі этномәдениетіндегі қайта туылудың бейнесі мен символын анықтайды (сурет-9,10).



Сурет-9. Татар халқының Қызғалдақ өрнегінің сәндік қолөнер бұйымы - такияда қолданылуы.




Сурет-10. Қазақ халқының Гүл өрнегінің ұлттық қолөнер түрі - кестеде қолданылуы



М.Гайдышева, А.Парняков зерттеулерінде Қиыр Шығыстағы байырғы халықтардың көпшілігінің басым діни нанымы ретіндегі шамандықты ата-баба рухтарына деген сенім деп есептеп, шамандық деп рухани күштермен байланысқа түсетін бақсының көмегімен адам мен рухтың өзара әрекеттесуіне сенуді анықтаған. Ал көне түркілерде бақсылық әрқашан тылсымдық, ғасырлық дәстүрлер мен шешілмеген қайшылықтармен қаныққан рухани-мәдени құбылыс ретінде қарастырылды. Бақсылар қорғаушы және көмекші рухтары бар адамдар мен рухани әлем арасындағы делдал болып табылды.

Көмекші рухтар жабайы жануарлар (жолбарыс, аю), құстар (бүркіт, үкі) т.б. арасындағы ұқсастықтарды жиі қабылдап отырған. Түркі халықтарының этномәдени ықпалы ретінде нанайлардың да түсінігінде өмір ағашының маңызды ерекше болды. Өмір ағашының мәні нанай халқының этномәдениетінде ұрпақты болу және болашақ ұрпақ бейнелерін білдірді (11-сурет).



Сурет-11. Өмір ағашы

Бұл ағаштар аспанда өскен деп есептеліп, әр әулеттің бұтақтарында өмір сүретін, құстың кейпіне еніп, жерге түскен адамдардың жаны бар өз ағашы болды [17, 143-б].

### **Қорытынды**

Қорыта келгенде, түркі халықтарының этномәдениет мұраларын сараптау нәтижелері бойынша қазақ сәндік қолөнері де өз бастауын көне түркі мәдениетінен алғандығын көрсетті. Түркі халықтарының көркем мәдениетінің мұралары болып табылатын сәндік қолөнері өзінің алуан түрлілігімен, терең мазмұндылығымен, өзара тарихи байланысқан, интеграцияланған бай дәстүрлерімен, дүниетанымдық наным-сенімдерімен, көзқарастарымен түркілік этномәдениетке өзіндік үлес қоса беретіні анық. Көшпенді түркілерде ою-өрнектердің символикалық мәнін біліп, олардағы өмір, тіршілік туралы өз идеяларын оқи алатын. Киіз үйдің, шаңырақтың сұлбасы да дөңгелек әлемді геометриялық ою-өрнекпен бейнелеумен сипатталады. Сол сияқты, адалдық, достық, күш, шаршамау идеясы жұпталған

шеңберлер мен шаршылар арқылы білдірілсе, толқынды сызық суды, қозғалысты білдірді. Сәндік қолөнер бұйымдарын әшекейлеуде байлық пен қасиеттілікті білдіру үшін алтын қолданылса, маржан қуаныштың, күміс адалдық пен шыншылдықтың, көгілдір адалдық пен мәңгіліктің семантикалық мәнін білдірді. Түстердің де түркілік этномәдениеттегі бейнелену мәні мен астары әлі күнге дейін жалғасып келе жатыр. Мәселен, көк аспанның, тәңірге табынуды, қызыл түс от пен күннің, ақ түс шындық пен тазалықтың, сары парасаттың, қара жердің, жасыл көктем мен жастықтың белгісі ретінде қабылданады. Яғни, ерте заманнан бері бұл күнге дейін түркілік этномәдениеттің маңызды буыны ретіндегі сәндік қолөнерде түс пен ою-өрнектің терең мәні мен мағынасы өз күшін жойған жоқ.

Түркі этномәдениетіндегі қазақ сәндік қолөнері – түркі халықтарының сәндік қолөнерінің ішінде дәстүрлі ұлттық саласы әрі рухани мәні мен этномәдени құндылығы, бейнелері кеңінен танымал көркемдік-танымдық мұрасы болып табылады.

#### Әдебиеттер

1. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Астана. 2006–2011 жылдар. Источник: <https://e-history.kz/kz/first-president/show/12320/>.
2. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»//Егемен Қазақстан. Астана. 12 сәуір, 2017.
3. «Ұлы Даланың жеті қыры» //Егемен Қазақстан. Астана, 21 қараша, 2018.
4. Әбу Насыр Әл-Фараби. Монография /А.Көбесов. Әл-Фараби ат. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2004, –174 б.
5. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. Хрестоматия. – Алматы: Раритет, 2019. –904 б.
6. Махмұт Қашқари. Түбі бір түркі тілі (Диуани луғат ат-түрк). –Алматы: Ана тілі, 1993. –102 б.
7. Пірәлиев С.Ж., Керімов Л.К. Таным және студент. –Алматы: Санат. 2007. –208 б.
8. Джанибеков У. Культура казахского ремесла. /У.Джанибеков. –Алма-Ата: Өнер, 1982.
9. Әмірғазин Қ. Қазақ қолөнері. –Алматы. «Дайк пресс». 2004, –162 б.
10. Валерия Прищепова. К 150-летию со дня рождения С.М.Дудина – художника, этнографа. Антропологический форум № 15 online. Санкт-Петербург. 2011. –42 с.
11. Ералин Қ.Е., Айменов Ж. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнері. –Түркістан. Тұран баспасы. 2012. –124 б.
12. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. –Алматы: Санат баспасы. 2001. –320 б.
13. Болатбаев Қ.К. Көкжиек және кеңістік. –Алматы: Алматы баспа үйі ЖШС, 2008. –192 б.
14. Балкенов Ж. Өрнек өнері арқылы болашақ мұғалімдерді көркем шығармашылыққа даярлау (Монография). –Алматы. Ғылым. 2001. –372 б.
15. Қырықбаев С., Оразалиев С., Адамқұлов Н. Халықтық көркемөнер шығармашылығы. Оқу-әдістемелік құрал. –Астана: Фолиант, 2015. –208 б.
16. Аджи Мурад. История тюрок. Такими знали нас. –М. Изд. АСТ. 2015. –317 с.



17. Design of applied and decorative art elements based on the example of Nanai shaman's culture. Maria Gaidysheva, Alexey V.Parnyakov. Pacific Science Review Volume 16, Issue 2, June 2014, pages 140–147.

#### References

1. «Mádeni mura» [Cultural heritage] memlekettik baǵdarlamasy. Astana. 2006-2011 jyldar. Istochnik: <https://e-history.kz/kz/first-president/show/12320/>.
2. «Bolashaqqa baǵdar: rýhanı jańǵyrý» [Orientation to the future: spiritual renewal] //Egemen Qazaqstan. Astana. 12 sáýir, 2017.
3. «Uly Dalanyń jeti qyry» Seven aspects of Great Plain. Egemen Qazaqstan. Astana, 21 qarasha, 2018.
4. Ábý Nasyr Ál-Farabı [Abu Nasir Al-Farabi]. Monografia. /A.Kóbesov. Ál-Farabı at. QazUÝ. –Almaty: Qazaq ýnıversiteti, 2004, –174 b.
5. Kelimbetov N. Túrki halyqtarynyń ejelgi ádebi jádigerlikteri [Ancient literary monuments of the Turkic peoples]. Hrestomatıa. –Almaty: Raritet, 2019. –904 b.
6. Mahmut Qashqarı. Túbi bir túrki tili (Dıyanı lıǵat at-türk) [One Turkic language at the bottom (Diwani Lugat at-Turk)]. –Almaty: Ana tili, 1993. –102 b.
7. Piráliev S.J., Kerimov L.K. Tanyım jáne stýdent [Cognition and student]. –Almaty: Sanat. 2007. –208 b.
8. Djanibekov Ý. Kúltúra kazahskogo remesla [The culture of the Kazakh craft]. /Y.Djanibekov. –Alma-Ata: Óner, 1982.
9. Ámirǵazın Q. Qazaq qol óneri [Kazakh crafts]. Almaty. «Daik press». 2004, –162 b.
10. Valeriya Priepova. K 150-letıyú so dnia rojdenıia S.M. Dıydına – hıdojnıka, etnografa [To the 150th anniversary of the birth of S.M.Dudin - artist, ethnographer]. Antropologicheskıı forým № 15 online. Sankt-Peterbýrg. 2011. –42 s.
11. Eralın Q.E., Aımenov J. Qazaqtyń sándik-qoldanbaly óneri [Kazakh decorative and applied art]. –Türkistan. Turan baspasy. 2012. –124 b.
12. Tabyldiev Á. Qazaq etnopedagogıkasy [Kazakh ethnopedagogy]. –Almaty: Sanat baspasy. 2001. –320 b.
13. Bolatbaev Q.K. Kókjiek jáne keńistik [The horizon and space]. –Almaty: Almaty baspa úıi JShS, 2008. –192 b.
14. Balkenov J. Órnek óneri arqyly bolashaq muǵalimderdi kórkem shyǵarmashylyqqa dairlaı [Preparing future teachers for artistic creativity by means of fine arts] (Monografiya). –Almaty. Gylym. 2001. –372 b.
15. Qyryqbaev S., Orazaliev S., Adamqulov N. Halyqıyq kórkemóner shyǵarmashylyǵy [Folk Art]. Oqý-ádistemelik qural. –Astana: Foliant, 2015. –208 b.
16. Adji Mýrad. Istoriya tırkov. Takımy znalı nas [History of the Turks. That's how they knew us]. –M. Izd. AST. 2015. –317 s.
17. Design of applied and decorative art elements based on the example of Nanai shaman's culture. Maria Gaidysheva, Alexey V.Parnyakov. Pacific Science Review Volume 16, Issue 2, June 2014, pages 140–147.

### Özet

Bu çalışmada, ülkede “Kültürel Miras”, “Manevi Canlanma”, “Büyük Bozkırın Yedi Yönü” gibi programlar temelinde uygulanan sanat eğitimi sisteminde halk dekoratif zanaatının özü ve içeriği tartışılmıştır. Kazak süsleme sanatlarında asırlık Türk kültürünün tezahürleri ayrıntılı olarak ele alınmakta ve Türk etnokültürel teorilerindeki karakteri tarihsel, manevi ve sanatsal bir bakış açısıyla analiz edilmiştir. Türk bilgisinden hareketle, Türk etnik kültürünün özelliklerini karakterize eden saukele, takiya gibi başlıklar başta olmak üzere bazı el sanatlarının üslup, sembolik ve figüratif özellikleri ve süslemelerin kullanımları incelenmiştir. Kazak ve diğer Türk halklarının halk el sanatlarının Türk etnokültüründeki benzerlikleri ve halk el sanatlarının gelişiminin dünya görüşü, inançlar, yaşam tarzı, halkların ekonomisi ile yakından bağlantılı olduğu dair kanıtlar gösterilmiştir. Türk halklarının el sanatlarındaki ulusal süslemeler, sembolik imgeler, motifler karşılaştırılmakta, anlamsal özellikleri Türk etnokültürünün işaretleri olarak tanımlanmaktadır. Kazak zanaatlarının Türk etnokültüründe özel yeri, Büyük Bozkır topraklarındaki göçebe geleneklerin doğrudan ardılı olarak belirlenilmekte, onlara tarihî, etnografik, sanatsal ve bilimsel açıklamalar verilmektedir.

**Anahtar Kelimeler:** Milli zanaat, Türk etnik kültürü, Süs eşyaları, Ruh, Sembol, Sanatsal imgeler, Kültürel değerler, Türk etnik kültürünün işaretleri

**(Erzhan AUELBEKOV. KAZAK DEKORATİF SANATINDA TÜRK ETNOKÜLTÜRÜNÜN YANSIMALARI)**

### Аннотация

В статье рассматривается сущность и содержание народно-декоративного промысла в системе художественного образования, которое реализуется в стране на основе таких программ, как «Культурное наследие», «Духовное возрождение», «Семь граней Великой степи». Подробно рассматриваются проявления многовековой тюркской культуры в казахских декоративных промыслах, анализируется ее характер в теориях тюркской этнокультуры с исторической, духовной, художественной точек зрения. На основе тюркского познания анализируются стилистические, символические и образные особенности некоторых изделий народного промысла, особенно головных уборов, таких как саукеле, такия, и использование в них орнаментов, характеризующих особенности тюркской этнокультуры. Показаны сходства народных промыслов казахского и других тюркских народов в тюркской этнокультуре, а также доказательства того, что развитие народных промыслов находится в тесной связи с мировоззрением, верованиями, бытом, хозяйством народов. Сопоставляются национальные орнаменты, символические образы, мотивы в ремеслах тюркских народов, описываются их семантические особенности как признаки тюркской этнокультуры. Определяется особое место казахских ремесел в тюркской этнокультуре как прямого продолжателя кочевых традиций на земле Великой Степи, даны им историко-этнографические и художественные научные объяснения.

**Ключевые слова:** Национальное ремесло, Тюркская этнокультура, Орнаменты, Дух, Символ, Художественные образы, Культурные ценности, Признаки тюркской этнокультуры

**(Erzhan AUELBEKOV. ОБРАЗЫ ТЮРКСКОЙ ЭТНОКУЛЬТУРЫ В КАЗАХСКОМ ДЕКОРАТИВНОМ ИСКУССТВЕ)**